



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ХАЛЫҚТЫҢ АҚШАСЫ ЕЛ ИГІЛІГІНЕ АЙНАЛУ КЕРЕК



Бюджет туралы әңгіме басталса, алдымен көзге триллиондар түсіп, «биыл және келер жылы, қай салаға қанша бөлінді?» деген сұрақтар туады. Бірақ мемлекеттік бюджеттің шынайы бағасы оның көлемімен өлшенбейді. Ең маңыздысы, осынша қаражаттың қоғамға қандай нақты нәтиже беретіндігінде.

(Жалғасы 3-бетте)



ФОРУМ

ЖАСТАР – ЗАҢ МЕН ТӘРТІПТІҢ ТІРЕГІ

Қарағанды облысында прокуратураның бастамасымен өкімдіктің қолдауымен, экономикалық тергеу және полиция департаменттерінің қатысуымен оқу жылының басталуына орай «Жастар – заң мен тәртіптің тірегі» тақырыбында жастар форумы өтті.



Форум жұмысына облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, облыс прокуроры Мұрат Тлеубердиев, Ішкі істер министрлігінің Комитет төрағасы Арман Саданов, Бас прокуратураның Кадрлық жұмыс департаментінің бастығы Аида Ануар, Экономикалық тергеу департаментінің бастығы Дархан Құрақбаев, сондай-ақ жастар ұйымдарының өкілдері мен қоғам қайраткерлері қатысты.

Іс-шара «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын насихаттау аясында өткізіліп, жастардың құқықтық мәдениетін көтеруге, құқық бұзушылықтың алдын алуға және қабылданатын шешімдерге деген жауаптылық сезімін қалыптастыруға бағытталды.

Форум жоғары және арнайы орта оқу орындарының 15 мыңнан астам студенттерін біріктірді (офлайн және онлайн форматта).

Қатысушыларға есірткі таратуға, интернет-алаяқтыққа, қаржылық пирамидаларға және дропперлікке тартылған жастардың өмірлік оқиғалары көрсетілді. Тәртіп сақшылары нақты мысалдар арқылы асығыс жасалған қадам немесе тез ақша табуға деген ұмтылыс ауыр құқықтық салдарға әкеп соқтыруы мүмкін екенін түсіндірді.

Форум қатысушылары алдында сөз сөйлеген облыс прокуроры Мұрат Тлеубердиев: «Жастар – мемлекеттің ертеңі. Болашағы жарқын болсын деген ел алдымен жастардың алған тәрбиесіне, әлеуметтік жағдайына, білімі мен білігіне, құқықтық қорғалуына мән береді. Себебі мемлекет үшін әрбір бала – ел ертеңіне салынған инвестиция».

(Жалғасы 2-бетте)



САРАП

Құқықтық мемлекеттің негізгі белгілерінің бірі – заңды күшіне енген сот актілерінің міндеттілігі және олардың нақты орындалуы. Сот шешімі қабылданған сәттен құқықтық қатынас аяқталмайды. Керісінше, сот актісінің өмірдегі нақты нәтижесі оның орындалуымен өлшенеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша қаулыларды орындатудың СОТ ПРАКТИКАСЫ

Сот актісінің орындалмауы жекелеген тұлғаның міндетін орындамауы ғана емес, сот төрелігінің беделіне, құқықтық тәртіпке және азаматтардың мемлекетке деген сеніміне әсер ететін мәселе. Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 33-тарауында көзделген құқық бұзушылықтар бойынша қалыптасқан сот практикасын зерделеу ерекше маңызға ие.

Жангелдин аудандық сотының 2025 жылғы және 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы практикасын талдау сот актілерін орындамау, құқық бұзушының мінез-құлқына сот белгілеген ерекше талаптарды бұзу, сондай-ақ құқық қорғау органы қызметкерінің заңды талабына бағынбау істерінің өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді.

Сот актісінің міндеттілігі – құқықтық тәртіптің негізі

Сот төрелігінің түпкі мақсаты тек құқықтық дауды шешу немесе тұлғаның жауаптылығын белгілеу емес. Қабылданған сот актісі іс жүзінде орындалғанда ғана бұзылған құқық қалпына келіп, заңдылықтың нақты нәтижесіне қол жеткізіледі. Осы себепті сот актісін немесе атқарушылық құжатты орындамау үшін жауаптылықтың көзделуі заңды әрі қажетті құқықтық тетік болып табылады. Сонымен бірге мұндай істерде әкімшілік жауаптылық автоматты түрде туындамайды.

Сот актісінің орындалмағаны анықталған әрбір жағдайда сот тұлғаның кінәсін, оның міндеттемені орындауға нақты мүмкіндігін, қабылдаған шараларын, орындамаудың объективтік және субъективтік себептерін жан-жақты баға-



Нүргүл САУЛЕН,
Қостанай облысы Жангелдин аудандық
сотының судьясы

лауға тиіс. Әсіресе, алименттік міндеттемелер, әкімшілік айыппұлдар, медиативтік келісімдерді орындау және өзге де атқарушылық құжаттар бойынша «орындамау» мен «орындаудан жалтару» ұғымдарының ара-жігін ажырату маңызды.

Адамның табысының болмауы жауаптылықтан автоматты түрде босатпауы тиіс. Бірақ оның объективті түрде орындау мүмкіндігінің болмауы да назардан тыс қалмауы керек. Сондықтан сот практикасының негізгі өлшемі – әр істің нақты жағдайын жеке бағалау.

(Жалғасы 5-бетте)

3-БЕТ



Ақпарат кеңістігі
артық қоқыстан
тазарса,
журналистика
кәсібилене ме?

6-БЕТ



«Желтоқсан келген
сайын табанымды мұз
қарығандай болады»

8-БЕТ



Көлеңкедегі
тамыр

ҚАПЕЗ–130

«БҰЛ – ҚАПЕЗДІҢ ӘНІ ЕДІ!..»

Алматы облысы Кеген ауданының Тоғызбұлақ ауылында 24-25 қыркүйек күндері ақын, ағартушы қайраткер, ел мұрасын жинаушы, өнші-композитор Қапез Байғабылұлының туғанына 130 жыл толуына арналған ауқымды мәдени және спорттық жарыстар өтеді.

Атап айтқанда Мәдениет үйінде «Бұл – Қапездің әні еді!..» атты республикалық дәстүрлі ән байқауы өтеді. Оған Қазақстанның Халық әртісі, профессор, қазақ дәстүрлі ән өнерінің көрнекті өкілі Рамазан Стамғазы бастаған қазылар төрелік жасайды. Байқаудың мақсаты – Қапез шығармашылығы арқылы Хан Төңірі аймағындағы халық және халық композиторларының әндерін насихаттау.

Мерейтойда «Халқым деген Қапез...» атты республикалық кәсіби суретшілердің шығармашылық сайыстары да өтеді. Онда кәсіби суретшілер арасында пленэр (табиғат аясында сурет салу) байқауы мен Қапез Байғабылұлы тақырыбына арналған көрме ашылады. «Халқым деген Қапез...» деректі фильмінің тұсау-кесер көрсетілімі жасалып, Қапез Байғабылұлы атындағы Тоғызбұлақ орта мектебінде ағартушының өмірі мен мұрасын танытатын арнайы танымдық-тағылымдық сынып ашылады. Сондай-ақ Тоғызбұлақтағы спорт алаңында ұлттық және бұқаралық спорт түрлерінен түрлі жарыстар ұйымдастырылады. Бағдарламада: Қазақ күресінен облыстық турнир; ұстаздар арасындағы волейбол жарысы; арқан тартыс; жасөспірімдер арасындағы дзюдо жарысы; көкпар және тағы басқа да спорт және халық ойындары бар. Ұлттық спорт жарыстары мерейтойдың бұқаралық сипатын арттырып, көпшілікке ерекше мерекелік көңіл-күй сыйлайды деп күтіледі. Мерейтой кезінде Қ.Байғабылұлына бағышталып арнайы ас беріліп, рухына тағзым жасалады.

Қапез Байғабылұлы 1896 жылы қазіргі Алматы облысы Кеген ауданының Тоғызбұлақ өңіріндегі Ақтоғай елді мекенінде дүниеге келген. Ел тарихында оның есімі бүгінгі таңда – ағартушы, ақын, өнші-композитор, тілші және халық мұрасын жинаушы ретінде жиі аталады. Қапез жастайынан білімге ұмтылып, кейін ел арасында мектептер ашып, халықтың сауатын көтеруге еңбек сіңіреді. Сонымен қатар қазақтың ән-жыр мұрасын жинап, өзі де әндер шығарған. Оның «Үш Меркі», «Дүние-ай», «Ай-қай» және «Қапездің қоштасуы» әндері халық арасында кең тараған. Қазақ халқының рухани дамуына қызмет еткен біртуар тұлға сталиндік саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды. 1937 жылы «халық жауы» деген жалған айыппен тұтқындалып, 1939 жылы Коми АКСР-інің Ухта қаласында жазықсыз атылды. Алайда араға 20 жылдай уақыт салып, 1958 жылы Қапез Байғабылұлы «халық жауы» деген жаладан толық ақталды.

Бүгінде Қапездің есімі мен мұрасы туған халқына қайта оралып, оның әндері орындалып, ағартушылық, әдеби-публицистикалық және шығармашылық қызметі ғылыми тұрғыдан зерттеліп келеді. Қапез Байғабылұлының 130 жылдығы – бір тұлғаның мерейтойы ғана емес, ұлттың тарихи жадын қаңғыртып, жазықсыз құрбан болған қазақ зиялыларының рухына тағзым ету, олардың халқына қалдырған аманатын кейінгі буынға жеткізу.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

Қазақстанда адвокаттық және нотариаттық қызмет – бұл азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудағы ең жауапты салалардың бірі. Бұл бағытта қызмет атқарғысы келетін әрбір үміткер заң талаптарына сай көліп, мемлекеттік аттестаттаудан сәтті өтуі тиіс. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің адвокаттық қызметке қатысты тиісті бұйрығы мен нотариаттық қызметті реттейтін бұйрықтарына сәйкес, үміткерлерге қойылатын талаптар мен іріктеу тәртібі нақты регламенттелген.

АДВОКАТТЫҚ ЖӘНЕ НОТАРИАТТЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ҮМІТКЕРЛЕРДІ АТТЕСТАТТАУ ТӘРТІБІ

ҮМІТКЕРЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

Адвокат болу үшін: Үміткер Қазақстан Республикасының азаматы болуы, жоғары заңгерлік білімі болуы және адвокаттар алқасында немесе кемінде бес жыл тәжірибесі бар адвокаттың жетекшілігімен 6 айдан 1 жылға дейінгі тағылымдамдан өтуі міндетті.

Нотариус болу үшін: Үміткер 25 жасқа толған ҚР азаматы, жоғары заңдық білімі бар, заңгерлік мамандық бойынша кемінде 2 жыл еңбек өтілі бар және нотариустың бақылауымен кемінде 1 жыл тағылымдамдан өткен тұлға болуы тиіс.

ҚҰЖАТ ТАПСЫРУ ЖӘНЕ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

Аттестаттауға қатысу үшін үміткерлер «E-license» лицензиялау базасы арқылы өздері қалаған өңірдің Әділет департаментіне электронды түрде өтініш жібереді. Өтінішке диплом, тағылымдамдан өткенін растайтын құжаттар және еңбек кітапшасы тіркеледі.

Әділет департаменті құжаттардың толықтығын 2 күн ішінде тексереді. Құжаттар тіркелген сәт-



тен бастап 5 жұмыс күні ішінде қаралып, оң шешім қабылданған жағдайда үміткерге тестілеу күні мен орны туралы ресми хабарлама жіберіледі.

АТТЕСТАТТАУ КЕЗЕҢДЕРІ

Бұл сынақ екі негізгі кезеңнен тұрады:

1-кезең – заңнаманы білуге арналған кешенді компьютерлік тестілеу (100 сұрақ). Бұл кезеңде үміткер салалық кодекстер мен заңдар бойынша өз білімін көрсетеді.

2-кезең – практикалық дағдылардың деңгейін тексеруге арналған

тестілеу (3 ситуациялық жағдай бойынша 12 сұрақ).

Маңызды көрсеткіштер – бірінші кезеңде сұрақтардың жалпы санының кемінде 70%-на дұрыс жауап берген үміткер тестілеуден өткен болып есептеледі. Ал дұрыс жауаптар 65% пен 70% аралығында болса да, бұл екінші кезеңге өтуге негіз болады.

Аттестаттау нәтижесі бойынша берілген сертификат шығарылған күннен бастап үш жыл бойы жарамды болып табылады. Егер үміткер қажетті балды жинай алмаса, тестілеу өткізілген күннен бастап 3 ай өткен соң өтінішін қайта бере алады.

Бұл шаралар құқықтық көмек пен мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттырып, салаға кәсіби мамандардың келуін қамтамасыз ететін маңызды қадам болып табылады. Барлық үміткерлерге сәттілік тілейміз!

Айша ҚАЛИАҚПАР,
Алматы облысы Әділет департаментінің құқықтық түсіндіру жұмысы және заңгерлік қызмет көрсету бөлімінің бас маманы

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «BATYRS STROY» ЖШС (БСН 190640015204) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, Сарыарқа шағынауданы, 30-үй, 33-кеңсе. Тел.: 87752814818.

3. «РАУМ - Г.С.К.» ЖШС (БСН 110440003556) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Ақши ауылдық округі, Ақши ауылы, Жаман Нұртай көшесі, 6-үй.

4. «FP Kazakhstan» ЖШС (БСН 170540027954) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Жазылбек көшесі, 20-үй, 218.

5. «KaEL» ЖШС (БСН 260140030314) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Казахфильм шағынауданы, 53-үй.

6. Қостанай облысы әкімдігінің 2026 жылғы 7 қыркүйектегі № 266 қаулысы негізінде Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауданы білім беру бөлімінің «Болашақ» бөбекжай-бақшасы» КМҚК (БСН 090140000376) таратылады. Шағым-талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қостанай облысы, Қарасу ауданы, Қойбағар ауылдық округі, Амангелді ауылы, Целинная көшесі, 32-ғимарат.

11. «KenDala S.T. Service» ЖШС (БСН 200540013090) (ҚР, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 3-ықшамауданы, 18-үй) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар жазбаша түрде осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 3-ықшамауданы, 18-үй, 75-пәтер. Тел. +7 705 880 25 52.

12. «БурабайСпецТехника» ЖШС (БСН 171040020793) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 021700, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Табиғат көшесі, 10-үй. Тел. 8 747 752 07 39.

16. «Aksu Gold» ЖШС (БСН 251240037851) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Тлендиев даңғылы, 38, тел. 87011797567.

17. «Халықаралық «Түркі әлемі» телестудиясы» ЖШС (БСН 020840005904) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 105-үй, 050000, тел. +7 701 3351717.

18. «ANA-BOL KZ» ЖШС (БСН 190240005014) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы ауданы, Әлиханов көшесі, 8а ғимарат, индексі 100012, тел. 87012452016.

ӘРТҮРЛІ

13. «ArhStudio TVK» ЖШС (БСН 150340027061) «Азия Строй KZ» ЖШС-не (БСН 060640004916) қосылу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылуы туралы хабарлайды. Талап-наразылықтар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Қосшы қаласы, есептік қвартал 016, 8691-құрылыс. Тел. +7 707 560 24 83.

14. «Азия Строй KZ» ЖШС (БСН 060640004916) өзіне «ArhStudio TVK» ЖШС-ін (БСН 150340027061) қосу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-наразылықтар мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Қосшы қаласы, есептік қвартал 016, 8691-құрылыс. Тел. +7 707 560 24 83.

МҰРАГЕРЛІК

7. 1950 жылы 8 наурызда туған, 2026 жылы 3 сәуірде қайтыс болған Ташен Макиевтің қазасынан кейін мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер мына мекенжай бойынша нотариус А.А. Нұрәлиеваға хабарласуы қажет: ҚР, Түркістан облысы, Шардара ауданы, Шардара қаласы. Тел. 8 771 251 26 43.

8. 29.08.2026 ж. қайтыс болған Бодыкова Сагираның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер бол-

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинвич ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтішова көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, РВК банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерашы көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

Е-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолық 45 көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, WhatsApp +7 708 027 4270

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,